

Қазақстан селолық округі Қазақстан және Ашыбұлақ ауылдарының мүйізді ірі қара малдардың листериоз ауруының алдын алу және жою бойынша шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 қазандағы N 1022 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 3 қарашада N 2-8-127 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 04 қазандағы N 938 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010.10.04 N 938 Қаулысымен

Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 18-тармағын, Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы 9-тармақшасы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрінің 2007 жылғы 16 тамыздағы N 507 "Қазақстан Республикасында листериоз бойынша эпидемиологиялық - эпизоотиялық қадағалауды ұйымдастыру және санитарлық індетке қарсы (алдын-алу) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбекшіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының 2009 жылғы 07 қыркүйек 2009 жылғы N 24 ұсынысына сәйкес ауру ошағында адамдар мен ауыл шаруашылық жануарларды аурудан қорғау мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан селолық округі Қазақстан және Ашыбұлақ ауылындағы мүйізді ірі қара малдарына листериоз ауруына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Ауыл шаруашылық жануарларының листериоз ауруының алдын алу және жою мақсатында шектеу іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Еңбекшіқазақ ауданы аумақтық инспекция мемлекеттік мекемесінің" бастығы Сайлаубек Қабылбекұлы Темешов /келісім бойынша/ пен Еңбекшіқазақ аудандық мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы Мұхаметжан Нұрхамитұлы Хасенов /келісім бойынша/ бірлесіп, листериоз ауруына оң нәтиже

берген ошақтарда ауруға қарсы қолданылатын режимнің сақталуын жоспарлы түрде тексеруді, осы нысандарға бекітілген санитарлық дәрігермен бірлесе отырып эпидемиологиялық, сондай-ақ ветеринариялық - санитарлық, ағартушылық жұмыстары жүргізілсін және де шаралардың орындалуына бақылауды аудандық аумақтық инспекциясы мен аудандық санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасы жүзеге асырсын.

Аудандық аумақтық инспекциясы клиникалық ауруы мал шығуының соңғы жағдайынан екі айдан соң, серологиялық тексерістің теріс қорытындысын алғаннан және дезинфекция шаралары жүргізілгеннен кейін шектеуді алу туралы ұ с ы н ы с е н г і з с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтiрiк Аусадықұлы Жақыповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі *Ә. Тойбаев*
 Еңбекшіқазақ аудан әкімдігінің
 2009 жылдың 12 қазандағы N 1022
 "Қазақстан селолық округі Қазақстан
 және Ашыбұлақ ауылының мүйізді ірі
 қара малдардың листериоз ауруының
 алдын алу және жою бойынша шектеу
 іс-шараларын енгізе отырып
 ветеринариялық режимін белгілеу
 туралы" қаулысына
 қосымша

Мүйізді ірі қара малдардың листериоз ауруының алдын алу және жою бойынша шектеу іс-шараларының ЖОСПАРЫ

N	Ветеринарлық-санитарлық шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	К і м н і ң бақылауында
1.	Қолайсыз ошаққа және бірге бағылатын малдар табынына аудандық әкімдігі тарапынан шектеу қою	Ауру мал анықталғанда	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы ветеринарлық дәрігер	Аудандық ауылшаруашылығы бөлімі
	Анықталған ауру малды тез арада оқшаулап, қолайсыз ошақтағы барлық			

2.	малдарға, оның ішінде ит, мысық және басқаларға клиникалық байқау жүргізіп, листерия тасымалдағыш малдар мен белгілері жоқ ауру малдарды анықтау үшін серологиялық зерттеу жүргізу	Ауру мал анықталғанда	Лицензиялы мал дәрігері	Аудандық аумақтық инспекциясы мен округтер ветеринарлық инспекторы	селолық
3.	Ауру шыққан қораға, аймаққа эпизотиялық - эпидемиологиялық тексеру актісін жасау	Ауру мал анықталғанда	Аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы мен ветеринарлық инспектор, селолық округтер ветеринарлық инспекторы мен лицензиялы мал дәрігер	Аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық инспекторы	бас
4.	Оң нәтиже беріп анықталған және окшауланған ауру малдарды белгілеп, антибиотиктермен емдеу	Ауру мал анықталғанда	Лицензиялы мал дәрігері	Селолық округтер ветеринарлық инспекторы	
5.	Адамдарды аурудан қорғау мақсатында ауру малдардан алынатын өнімді пайдалану кезіндегі ауруды алдын алу және жою бойынша шараларды жүзеге асырудың ветеринариялық Ережесіне сәйкес барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету	Үнемі	Ауру иелері	Селолық округтер ветеринарлық инспекторлары лицензиялы мал дәрігерлер	мен
6.	Мал тұрған қораны тазалап, көңмен қиды далаға үйіп шығарылуы мен оның биотермиялық өңдеуден өткізу	Ауру мал анықталғанда	Мал иесі	Селолық округтер ветеринарлық инспекторы	
	Мал тұрған қораға залалсыздандыру				

7.	шарасын талапқа жүргізу	ветеринарлық сәйкес	Ауру мал анықталғанда	Мал Лицензиялы дәрігері	иесі мал	Селолық округтер ветеринарлық инспекторы
8.	Ауру қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу	ошақтарға	Шектеу алыну кезінде	Мал Лицензиялы дәрігері	иесі мал	Селолық округтер ветеринарлық инспекторы
9.	Ауру әкелінген және ауру шекаралас аумақтардағы малдарға қарсы егу жұмыстарын жүргізу	ошағына малдарға, ошағына	Ауру мал анықталғанда	Лицензиялы дәрігері	мал	Селолық округтер ветеринарлық инспекторы
10.	Мал күтіміне қатысты барлық малшылардың листериозге тексерілуі қадағалансын. Листериозбен ауырғандарды диспансерлеу бойына түрде тоқсан спецификалық зертханалық тексерулермен жүргізу	1 жыл міндетті сайын	Жылына екі рет Тоқсан сайын	Ауылдық округтердің дәрігерлері		Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы

*Аудандық аумақтық инспекциясының
бас мемлекеттік бас ветеринарлық
инспекторы
Б. М. Бименов*

*Аудандық ауыл шаруашылық
бөлімінің бастығы
А. Қ. Жұмағалиев*